

2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыруға бағытталған іс-шаралар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 28 өкімі

1. Қоса беріліп отырған 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыруға бағытталған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерінен көрсетілген Келісімнің өзі үшін міндеттілігіне Еуразиялық экономикалық одақтың келісім білдіруі туралы актіні Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мейлінше қысқа мерзімдерде қарауға ұсынуының орындылығын назарға ала отырып, 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді жүргізуді жеделдету сұралсын.

3. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан
М.Григорян И.Петришенко А.Мамин Ж.Разаков А.Силуанов*

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің
2018 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 28 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыруға бағытталған іс-шаралар ЖОСПАРЫ

Іс-шара	Орындаушы	Мерзімі
1. 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық		

<p>экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) өзі үшін міндеттілігіне Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) келісім беруі туралы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес актісінің жобасын белгіленген тәртіппен дайындау</p>	<p>Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия)</p>	<p>2018 жылғы қазан (Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталуын ескере отырып)</p>
<p>2. Келісімнің өзі үшін міндеттілігіне Одақтың келісім беруі туралы актінің жобасын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің қарауы үшін ұсыну</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2018 жылғы желтоқсан (Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталуы шартымен)</p>
<p>3. Қытай Тарапына Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті рәсімдерді мүше мемлекеттердің және Одақтың аяқтағаны туралы хабарлама жіберу</p>	<p>Комиссия</p>	<p>тиісті рәсімдердің бәрі аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде</p>
<p>4. Қытай Тарапына және мүше мемлекеттерге Келісімнің күшіне енетін күні туралы хабарлама жіберу</p>	<p>Комиссия</p>	<p>Қытай Тарапынан Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарлама алынған күннен бастап (егер Одақ тарапынан Қытай Тарапына тиісті хабарлама ертерек жіберілген болса) немесе Одақ тарапынан тиісті хабарлама алынғаны туралы Қытай Тарапынан нота алынған күннен бастап (егер Одақ тарапынан хабарлама Қытай Тарапынан тиісті хабарлама алынғаннан кейін жіберілген болса) 3 жұмыс күні ішінде</p>
<p>5. Комиссияның Сауда жөніндегі алқа мүшесін (Министрді) Бірлескен комиссияның тең төрағасы ретінде айқындау туралы және мүше мемлекеттердің Бірлескен комиссиядағы өкілдерінің құрамы жөніндегі ұсыныстар туралы мәселені Сауда жөніндегі консультациялық комитеттің қарауы үшін ұсыну (Келісімнің 12.1-бабына сәйкес)</p>	<p>Комиссия</p>	<p>Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей</p>

6. Қытай Тарапына Бірлескен комиссиядағы тең төраға туралы ақпарат жіберу (Келісімнің 12.1-бабына сәйкес)	Комиссия	Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 75 күннен кешіктірмей
7. Мүше мемлекеттерді Қытай Тарапынан Бірлескен комиссиядағы кандидатуралар туралы ақпарат түскені туралы хабардар ету (Келісімнің 12.1-бабына сәйкес)	Комиссия	Қытай Тарапынан хабарлама алынған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей
8. Одақ тарапынан қатынас жасау пункттерін айқындау туралы мәселені Комиссия Кеңесінің қаруы үшін ұсыну	Комиссия	Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде
9. Қатынас жасау пункттері мен Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органдарды айқындау (тағайындау) және Комиссияға: қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 12.1-бабына сәйкес); техникалық реттеу саласындағы қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері және осындай пункттердегі тиісті лауазымды адамдар туралы (Келісімнің 4.9-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес); санитариялық және фитосанитариялық реттеу саласындағы қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері және осындай пункттердегі тиісті лауазымды адамдар туралы (Келісімнің 5.8-бабының 2-тармағына сәйкес); кедендік реттеу саласындағы ақпараттық орталықтар туралы (Келісімнің 6.21-бабының 1-тармағына сәйкес); зияткерлік меншік объектілеріне құқықтық қорғау саласындағы құзыретті органдар мен қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 7.27-бабының 1-тармағына сәйкес); зияткерлік меншік объектілеріне құқықты бұзатын тауарлармен сауда-саттық туралы ақпарат алмасуға арналған қатынас жасау	мүше мемлекеттер	

<p>пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 7.25-бабының 7-тармағына сәйкес);</p> <p>мемлекеттік сатып алу саласындағы ресми сұратуларды қарауға арналған қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 9.3-бабына сәйкес) ақпарат жіберу</p>		<p>Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде</p>
<p>10. Қытай Тарапына:</p> <p>қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 12.1-бабына сәйкес);</p> <p>техникалық реттеу саласындағы қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері және осындай пункттердегі тиісті лауазымды адамдар туралы (Келісімнің 4.9-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес);</p> <p>санитариялық және фитосанитариялық реттеу саласындағы қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері және осындай пункттердегі тиісті лауазымды адамдар туралы (Келісімнің 5.8-бабының 2-тармағына сәйкес);</p> <p>кедендік реттеу саласындағы ақпараттық орталықтар туралы (Келісімнің 6.21-бабының 1-тармағына сәйкес);</p> <p>зияткерлік меншік объектілеріне құқықтық қорғау саласындағы құзыретті органдар мен қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 7.27-бабының 1-тармағына сәйкес);</p> <p>зияткерлік меншік объектілеріне құқықты бұзатын тауарлармен сауда-саттық туралы ақпарат алмасуға арналған қатынас жасау пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 7.25-бабының 7-тармағына сәйкес);</p> <p>мемлекеттік сатып алу саласындағы ресми сұратуларды қарауға арналған қатынас жасау</p>	<p>Комиссия</p>	

пункттерінің атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 9.3-бабына сәйкес) ақпарат жіберу		Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 75 күн ішінде
11. Комиссияға ішкі нарықты қорғау шаралары және субсидиялар бойынша Қытай Тарапымен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті құзыретті органдардың атауы туралы ақпарат жіберу (Келісімнің 3-тарауының шеңберінде)	мүше мемлекеттер	Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде
12. Қытай Тарапына (Келісімнің 3.6-бабының 1-тармағына сәйкес): Одақта саудадағы қорғау шараларын қолдану бөлігінде тергеп-тексеруді жүргізетін органның атауы мен қатынас жасау деректері туралы; осы жоспардың 11-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер ұсынған ақпараттың негізінде мүше мемлекеттердің ішкі нарықты қорғау шаралары және субсидиялар бойынша Қытай Тарапымен өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берілген құзыретті органдарының атауы мен қатынас жасау деректері туралы (Келісімнің 3-тарауының шеңберінде) ақпарат жіберу	Комиссия	Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде
13. Қытай Тарапына Одақтың ішкі нарықты қорғау шараларын қолдануды реттейтін актілері туралы ақпарат жіберу	Комиссия	Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде
14. Комиссияға тауарлардың шығарылған жерлерінің географиялық көрсеткіштері мен атауын қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстар жіберу (Келісімнің 7.12-бабына сәйкес)	мүше мемлекеттер	Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 90 күн ішінде
15. Комиссияны ақпараттық-коммуникациялық "Интернет" желісіндегі мемлекеттік сатып алу саласындағы ақпарат жарияланатын ресми сайттардың домендік мекенжайларының өзгергені туралы хабардар ету (Келісімнің 9.2-бабына сәйкес)	мүше мемлекеттер	тиісті өзгеріс енгізілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде

<p>16. Мүше мемлекеттерден тиісті ақпарат түскен кезде Қытай Т а р а п ы н а қпараттық-коммуникациялық " Интернет" желісіндегі мемлекеттік сатып алу саласындағы ақпарат жарияланатын ресми сайттардың домендік мекенжайларының өзгергені туралы хабардар ету және Қытай Тарапынан осындай ақпарат түскен жағдайда мүше мемлекеттерді хабардар ету (Келісімнің 9.2-бабына сәйкес)</p>	<p>Комиссия</p>	<p>тиісті ақпарат түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде</p>
<p>17. Салалық ынтымақтастық бойынша кіші комитеттер мен жұмыс топтарын құру туралы шешім қабылдау (қажет болған кезде), кіші комитеттер мен жұмыс топтарындағы өкілдердің кандидатураларын айқындау (Келісімнің 10.4-бабына сәйкес), соның ішінде:</p> <p>ауыл шаруашылығы (Комиссияның Өнеркәсіп және агроөнеркәсіптік кешен жөніндегі алқа мүшесі (Министр));</p> <p>энергетика (Комиссияның Энергетика және инфрақұрылым жөніндегі алқа мүшесі (Министр))</p> <p>;</p> <p>көлік (Комиссияның Энергетика және инфрақұрылым жөніндегі алқа мүшесі (Министр));</p> <p>өнеркәсіптік кооперация және технология мен инновациялар (Комиссияның Өнеркәсіп және агроөнеркәсіптік кешен жөніндегі алқа мүшесі (Министр));</p> <p>ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым (Комиссияның Ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі алқа мүшесі (Министр));</p> <p>қаржы (Комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (Министр))</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>Келісімнің қолданылу мерзімінің ішінде</p>
<p>18. Бірлескен комиссияға (қажет болған жағдайда) кіші комитеттер мен жұмыс топтарын құру туралы ұсыныстар жіберу (Келісімнің 10.4-бабына сәйкес)</p>	<p>Комиссия</p>	<p>Келісімнің қолданылу мерзімінің ішінде</p>

<p>19. Мыналар: кедендік ынтымақтастық және сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі кіші комитеттің күн тәртібі мен міндеттері бойынша (Келісімнің 6.24-бабының 2-тармағына сәйкес);</p> <p>кедендік ынтымақтастық және сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі кіші комитеттегі Одақ өкілдерінің кандидатуралары бойынша (Келісімнің 6.24-бабының 3-тармағына сәйкес) Одақ ұсыныстарын әзірлеу</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2019 жылғы сәуір</p>
<p>20. Қытай Тарапына: кедендік ынтымақтастық және сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі кіші комитеттің күн тәртібі мен міндеттері бойынша (Келісімнің 6.24-бабының 2-тармағына сәйкес);</p> <p>кедендік ынтымақтастық және сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі кіші комитеттегі Одақ өкілдерінің кандидатуралары бойынша (Келісімнің 6.24-бабының 3-тармағына сәйкес) ұсыныстар жіберу</p>	<p>Комиссия</p>	<p>жеке уағдаластыққа сәйкес</p>
<p>21. Мыналар: электрондық сауда саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қатынас жасау тобының күн тәртібі мен міндеттері жөнінде;</p> <p>электрондық сауда саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қатынас жасау тобындағы Одақ өкілдерінің кандидатуралары жөнінде (Келісімнің 11.5-бабының 5-тармағына сәйкес);</p> <p>электрондық сауда жөніндегі кіші комитеттің күн тәртібі мен міндеттері бойынша (Келісімнің 11.7-бабына сәйкес);</p> <p>электрондық сауда жөніндегі кіші комитеттегі Одақ өкілдерінің кандидатуралары бойынша (Келісімнің 11.7-бабының 2-тармағына сәйкес) Одақ ұсыныстарын әзірлеу</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2019 жылғы сәуір</p>
<p>22. Қытай Тарапына:</p>		

<p>электрондық сауда саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қатынас жасау тобының күн тәртібі мен міндеттері жөнінде;</p> <p>электрондық сауда саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қатынас жасау тобындағы Одақ өкілдерінің кандидатуралары жөнінде (Келісімнің 11.5-бабының 5-тармағына сәйкес);</p> <p>электрондық сауда жөнінде кіші комитет құру бойынша;</p> <p>электрондық сауда жөніндегі кіші комитеттің күн тәртібі мен міндеттері бойынша;</p> <p>электрондық сауда жөніндегі кіші комитеттегі Одақ өкілдерінің кандидатуралары бойынша (Келісімнің 11.7-бабының 2-тармағына сәйкес) ұсыныстар жіберу</p>	<p>Комиссия</p>	<p>жеке уағдаластыққа сәйкес</p>
<p>23. Одақтың және Қытай Халық Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы электрондық ақпарат алмасу жөнінде келісім жасасуға бағытталған жұмыс жүргізу (Келісімнің 6.20-бабына сәйкес)</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>Келісім күшіне енген күннен бастап</p>
<p>24. Комиссияға тауарлардың шығарылған жері туралы преференциялы емес сертификаттарды беруге уәкілетті органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді, сондай-ақ мүше мемлекеттердің тауарлардың шығарылған жері туралы преференциялы емес сертификаттарды верификациялауға уәкілетті органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді жіберу (Келісімнің 6.12-бабына сәйкес)</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>	<p>Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 90 күн ішінде</p>
<p>25. Қытай Тарапына тауарлардың шығарылған жері туралы преференциялы емес сертификаттарды беруге уәкілетті органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы</p>		

<p>мәліметтерді, сондай-ақ мүше мемлекеттердің тауарлардың шығарылған жері туралы преференциялы емес сертификаттарды верификациялауға уәкілетті органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді жіберу (Келісімнің 6.12-бабына сәйкес)</p>	<p>Комиссия</p>	<p>мүше мемлекеттерден тиісті ақпарат түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде</p>
<p>26. Қытай Тарапынан алынған тауарлардың шығарылған жері туралы преференциялы емес сертификаттарды беруге уәкілетті органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді, сондай-ақ мүше мемлекеттердің тауарлардың шығарылған жері туралы преференциялы емес сертификаттарды верификациялауға уәкілетті органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді мүше мемлекеттерге жіберу (Келісімнің 6.12-бабына сәйкес)</p>	<p>Комиссия</p>	<p>мүше мемлекеттерден тиісті ақпарат түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде</p>
<p>27. 2018 жылы "Еуразиялық апта" көрме форумын өткізу шеңберінде мүше мемлекеттер мен Қытай Тарапының сауда-экономикалық ынтымақтастығын нығайту мәселелері бойынша іс-шаралар ұйымдастыру</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2018 жылғы қазан</p>
<p>28. Мүше мемлекеттердің бизнес қоғамдастықтарын хабардар ету және олардың өкілдерінің Қытай Халық Республикасының аумағындағы 1-ші халықаралық импорттық тауарлар мен қызметтер көрсету көрмесіне қатысуына қолдау көрсету (2018 жылғы 5 – 10 қараша)</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2018 жылғы қыркүйек – қазан</p>